



XFTAP 06.52.17

Е.Б. Абеуханова¹

О.Б. Мазбаев²

А.Б. Баймбетова³

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: erkejana77@mail.ru, asel_baymbetova@mail.ru)*

Туризмді дамыту жағдайында трансшекаралық аймақтардың туристік әлеуетін анықтау жолдары (Шығыс Қазақстан облысы мысалында)

***Аннотация.** Мақалада Қазақстан Республикасындағы трансшекаралық аймақтарда туризмді дамытудың туристік әлеуетін анықтау және пайдалану жолдары, оларды жетілдіру туралы мәліметтер қарастырылады. Шығыс Қазақстан облысы туризмінің даму көрсеткіштеріне талдау жасалады: ресми статистикалық көрсеткіштердің өсу серпіні, соңғы жылдардағы туристік объектілердің туристерді қабылдауы, туризм саласындағы жұмыспен қамтылып отырғандар саны, олардың сәйкес еңбекақысының көлемі, әлеуетті тұтынушылар арасында жүргізілген сауалнама жауаптарының қорытындысы. Сонымен қатар, мемлекеттік бағдарламалық құжаттар қарастырылды және елімізде туризмді дамыту бойынша ең негізгі ұйымдастырушылық қызметтер ерекшеленді. Туризм дамуы сол аймақтың әлеуметтік - экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етеді: кәсіпкерлікпен айналысу, табыс табу, жұмыс орындары, сол арқылы кедейшілікті төмендету. Мақалада еліміздегі және жекелеген аймақтағы туризмді дамыту мен оның қазіргі жағдайының негізгі көрсеткіштеріне талдау жасалып, негізгі мәселелер мен мүмкіндіктер қарастырылды. Туризмнің дамуына кедергі болып тұрған негізгі факторлар анықталып, осы мәселені шешудің жекелеген ұсыныстары тұжырымдалды.*

***Түйін сөздер:** туристік әлеует, туризм, трансшекаралық аймақ, аймақ туризмі, әлеуметтік-экономикалық жағдай.*

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-1-348-359>

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы туризмнің дамуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы №360 қаулысы бойынша қабылданған «ҚР туризм саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында жүзеге асып жатыр [1]. Бұл бағдарламаға сәйкес 2025 жылы туристер қызығатын орындарды дамыту және еңбек ресурстарын туризм саласына жаппай тарту, сыртқы және ішкі туристік ағынды түбегейлі өсіру, қолайлы туристік ахуал құру арқылы туристік салаға инвестицияларды ұлғайтуға бағытталған жұмыстар атқарылуда. Сонымен қатар ішкі және халықаралық нарықтарда Қазақстанның туристік әлеуетін танымал ету, елдің туристік саласын толыққанды институттандыру арқылы туристік көрсетілген қызметтер мен өнімдердің қолжетімділігін және сапасын, сондай-ақ халықтың өмір сапасының деңгейін арттыруға бағытталып отыр.

Туризм динамикалық және жылдам дамып келе жатқан сала болып табылады, үлкен дәрежеде айтарлықтай табыс әкеледі, көп жұмыс орындары үшін, сондай-ақ экономикалық контексте төлем балансы үшін құндылық жасайды. Ол кедейшілікпен күресте де маңызды рөл атқаратыны анық [2].

Әлемдік деңгейдегі ғалымдар зерттеулері көрсеткендей кедейшілікті болдырмаудың ең маңызды факторы халықты жұмыспен қамтамасыз ету. ДТҰ мен Дүниежүзілік туризм және саяхат Кеңесінің бағалауы бойынша туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда болатын 5-тен 9-ға дейін жұмыс орны келеді екен. Туризм тура және жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды. Олардың ең негізгілері елдің инфрақұрылымын дамытуға және сол тұрғылықты мекеннің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға көмектеседі.

Трансшекаралық аймақтар – бірлескен шешімдер мен нақты бағдарламалар нәтижесінде көршілес мемлекеттердің шекаралас облыстарының ынтымақтастығы негізінде құрылған өңірлер. Трансшекаралық аймақтар көршілес мемлекеттердің әкімшілік-аумақтық және әкімшілік құрылымдарының ынтымақтастығы барысында құрылады немесе әлеуметтік-мәдени аймақтарға қатысты маңызды параметрлері бойынша жақын көршілес елдердің шекаралас аймақтары кіреді.

Трансшекаралық туризм – туризм инфрақұрылымын дамытуға және трансшекаралық аумақта, сондай-ақ оған тікелей жақын жерде туристік маршруттарды ұйымдастыруға негізделген туристік қызмет түрі. Сонымен, трансшекаралық туризмді халықаралық ынтымақтастықтың бір түрі деп түсіну керек. Онда шекаралық аймақ шеңберінде шекаралас елдердің азаматтарының белгілі бір мақсаттарға шығуы айтылады, мұнда негізгі элемент мемлекеттік шекарадан өту болып табылады. Ортақ шекарасы бар, оның қарама-қарсы жағында әртүрлі әлеуметтік - саяси жүйелері, әлеуметтік – экономикалық және мәдени дамуы әртүрлі мемлекеттер орналасқан көршілес мемлекеттердің аймақтары бір - бірімен ынтымақтасуға, өз байланыстары бар трансшекаралық кеңістік құруға ұмтылады. Осыдан, трансшекаралық аумақтар экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа да салалардағы өзара қарым - қатынастардың аумағына айналады.

Трансшекаралық аумақтарды құру мыналарға мүмкіндік береді: трансшекаралық мәселелерді бірлескен күш - жігермен шешу; су - өзен қауымдастықтардың жақын орналасуын пайдалану; трансұлттық өлшемге ие болатын мәселелерді шешу [3].

Германияда трансшекаралық туризмді дамытудағы шекаралардың рөлін зерттейтін бірінші зерттеу жүргізілген. 1970 жылдардың аяғында Й.Матцнеттер өз жұмысында туристік объектілерді мемлекеттік шекараларға қатысты орналастыру нұсқаларын анықтайды:

- шекара бір - бірінен үлкен қашықтықта орналасқан екі туристік аймақ арасында өтеді;
- шекарасы іргелес жатқан туристік аймақ бір елдің аумағында орналасса;
- туристік аймақтар шекараға екі жағынан іргелес орналасқан немесе олар кесіп өтеді.

Бұл тақырып американдық ғалым Д.Тиматидің «Туризм және саяси шекаралар» деп аталатын еңбегінде одан әрі дамыды, ол туризм мен ұлттық шекаралардың өзара әрекеттесуін келесі түрлерде көрсетті: мемлекеттік шекара тосқауыл ретінде, туристік бағыт және туристік ландшафт модификаторы [4]. М.Хэмтон Сингапурды, Малайзиядағы Джохор штатын және Индонезияға жататын Риау аралдарын қамтитын Оңтүстік-Шығыс Азия елдері қауымдастығының экономикалық өсу үшбұрышында трансшекаралық туризмді зерттеуді жүргізді. Елдер арасындағы мұндай өзара іс-қимыл жақын орналасқан, бірақ әртүрлі елдердің аумағында мемлекеттер шекарасында орналасқан туризм және инфрақұрылым объектілерін тиімді пайдалану арқылы барлық тараптардың бәсекелестік артықшылықтарын арттыратыны анықталды [5].

Трансшекаралық туризмді дамыту бүгінде елімізде өте өзекті. Бұған трансшекаралық бағдарламалар мен жобалардың елеулі бөлігі туризмге арналған, оларды жүзеге асыруға қомақты қаражат бөлінген Еуроаймақтардың жұмыс істеуінің шетелдік тәжірибесі дәлел.

Зерттеудің мақсаты - Шығыс Қазақстан мысалында трансшекаралық аймақ ретінде туризмді жетілдіру үлгілерін әзірлеу. Мақалада қойылған мақсатқа жету үшін келесі міндеттер шешіледі: Шығыс Қазақстан облысында аймақтық туризмнің дамуын жақсартуға әсер ететін факторларды зерттеу және

анықтау; аймақтық туризмді дамыту және аймақтық әлеуметтік - экономикалық факторлардың ықпалы бойынша сауалнама көрсеткіштерінің нәтижесін талдау; Шығыс Қазақстан облысының туристік әлеуетін дамыту бойынша нұсқаулар мен ұсыныстар жасау.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің негізі болып тұрғындар арасында 2022 жылдың ақпан-сәуір аралығында жүргізілген сауалнама табылады. Сауалнама облыс тұрғындарының арасында әлеуметтік желі арқылы жүргізілді, жас айырмашылығына шектеу қойылмады. Қазақстан Республикасының ресми статистикалық деректер ақпарат көздері ретінде алынды. Қойылған мақсатқа жету үшін абстрактілі-логикалық әдіс, жалпылау, талдау және салыстыру әдістері, зерттеудің экономикалық және статистикалық әдістері қолданылды.

Талқылаулар мен нәтижелер

Туристік саланы дамыту мемлекетаралық қарым-қатынастар мен мәдениетті нығайтуға, шетел валютасының ағынын арттыруға, төлем балансын арттыруға, тауарлар мен қызметтердің экспортын ынталандыруға, халықты жұмыспен қамтуды арттыруға, инфрақұрылым объектілерін салуға және экономика салаларын реконструкциялауға ықпал етеді.

Елдің ішкі жалпы өніміндегі туризмнің үлесі әлі де аз. Жалпы ішкі өнімдегі тікелей туризмде құрылған жалпы қосылған құнның үлесі, 2018 ж.-1,3 пайыз, 2019 ж.-1,2 пайыз, ал 2020 жылға мәлімет берілмеген. Әзірге туризм саласы әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуге аз ғана үлес қосуда. Бүгінгі таңда туристерге қызмет көрсету саласында Қазақстан Республикасының жұмыспен қамтылған азаматтарының жалпы санының 5,8 пайызы ғана жұмыс істейді [6]. Туризм саласындағы қызметкерлер санының өсу қарқыны мен еңбекақы деңгейі 1,2-кестеде көрсетілген.

Кесте 1

Қазақстан Республикасындағы туризм саласында қызмет атқаратын жұмысшылар саны, 2018-2020 жж, мың адам

Кәсіпорындар	Жылдар		
	2018	2019	2020
Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алумен туризм саласы қызметкерлерінің тізімдік саны (есепті кезеңге орта есеппен), мың адам			
туристік фирмалар	7,4	7,4	7,8
орналастыру орындарында	29,2	30,0	26,3
санаторий курорттық ұйымдар	8,0	8,8	8,6

Ескертпе – ҚР ҰСБ мәліметтері негізінде автормен құрастырылған

Кесте 1 мәліметтері бойынша туристік фирмалардағы қызмет атқаратын жұмысшылар саны 2018 және 2019 жылдары бірдей, 2020 жылы бұл көрсеткіш 0,4 мың адамға, 10,5 пайызға өскен. Орналастыру орындарындағы қызметкерлерінің тізімдік саны 2018 жылға қарағанда 2019 жылы 0,8 мың адамға жоғары болып, 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 3,7 мың адамға азайған. Санаторий курорттық ұйымдарда қызмет атқаратын қызметкерлер тізімдік саны 2018 жылға қарағанда 2019 жылы 0,8 мың адамға жоғары болып, 2020 жылы 2019 жылмен салыстырғанда 0,2 мың адамға азайған (кесте 2).

Қызметкерлердің орташа айлық атаулы есептелген жалақысы, 2018-2020 жж, тг.

Кәсіпорындар	Жылдар		
	2018	2019	2020
Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алумен туризм саласында жұмыспен қамтылған қызметкерлердің орташа айлық атаулы есептелген жалақысы, теңге			
туристік фирмалар	95 341	109 265	95 959
орналастыру орындарында	124 217	133 240	135 957
санаторий курорттық ұйымдар	90 658	102 654	114 386
<i>Ескертпе – ҚР ҰСБ мәліметтері негізінде автормен құрастырылған</i>			

Кесте 2 мәліметтерінен туристік ресурстарды қалыптастыратын инфрақұрылымдағы екі негізгі элемент: біріншісі, орналастыру және тамақтандыру қызметтері, меймандостық қызметтер ұсынатын кәсіпорын қызметкерлері, екінші элемент, туристік өнімді қалыптастыруға қатысатын кәсіпорындар қызметкерлерінің орташа айлық жалақыларын көріп отырмыз, есепке алынып отырған 3 жылға еңбекақы мөлшерінде көп өзгеріс байқалмайды. Туристік фирма қызметкерлері 2018 және 2020 жылдары 95 мың теңге көлеміндегі жалақыға қызмет етсе, 2019 жылы 2018 жылға қарағанда 14%-ға өскен және 2020 жылы қайта азайғанын көріп отырмыз. Ал, орналастыру орындары бойынша есепті кезеңнің үш жылында жалақы мөлшері көтерілген. 2019 жылы 2018 жылға қарағанда 9023 теңге (7,3%-ға) өскен, ал 2020 жылы 2019 жылға қарағанда 2717 теңгеге (2%-ға) өскен, осы мәліметтерге қарасақ туризм саласының қызметкерлерінің жалақысының өсімі мардымсыз, ал еңбекақының көлемі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ең негізгі көрсеткіші екенін айта аламыз [6].

Шығыс Қазақстан облысы туристік саланы дамытудың жоғарғы әлеуетіне ие. Аймақ табиғаты, ерекше сұлулығымен танымал, туризмнің барлық түрін дамытуға мүмкіндік беретін ландшафттың барлық түрі бар. Жыл сайын саланың барлық көрсеткіштері бойынша өсу серпіні байқалады, бұл туралы ресми статистика куәландырады [7].

Ресми статистикаға сәйкес, туризмді дамытудың өсу динамикасы 2020 жылға дейін жалғасты. 2020 жылы корона вирусы инфекциясының пандемиясына байланысты облыс өнеркәсібінің даму көрсеткіштері төмендей бастады. Осы жылғы туристер саны 352355 мың адамды құрады, бұл 2019 жылмен салыстырғанда (612689 мың адам) 42,4%-ға аз. Резиденттер емес саны 78,9%-ға азайып, 23485 мың адамды, резиденттер 40,6% -ға және 236849 мың адамды құрады. 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы резиденттер еместер саны 3,1%-ға (29741 адам), резиденттер-8,7%-ға (582948 адам) көп болды.

Шығыс Қазақстан облысы туристік объектілерінің туристерді қабылдауы 2019-2020 жж.

р/с	Туристік объектілер	Туристер келу статистикасы	
		2019	2020
1	Алакөл	143480	43336
2	Катон-Қарағай	8384	5016
3	Риддер қаласы	23661	20402
4	Бұқтырма су қоймасы	66828	45624
5	Жидебай-Бөрілі	9432	7214
<i>Ескертпе - ШҚО әкімдігінің есебінен алынған мәліметтер</i>			

Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының басқа аймақтарымен салыстырғанда туристерді орналастыру орындары саны бойынша 1 орында. 2020 жылдың бір тоқсанын алсақ, облыста 550 орналастыру орны жұмыс істеді, нөмерлер саны-10606, бір реттік сыйымдылығы 32974 төсек-орынды құрады. Қызмет көрсетілген келушілер саны жыл сайын артып келеді және 2020 жылдың бірінші тоқсанын 2019 жылдың тиісті кезеңімен салыстырса 1,1%-ға артып, 84147 адамды құрады. Келу туризмі бойынша келушілер (резидент еместер) саны 25,4%-ға қысқарды және 3962 адамды құрады. Ішкі туризмге келушілер (резиденттер) саны 2,9%-ға өсті, 80185 адамды құрады. Сол сияқты 2020 жылдың бірінші тоқсанында орналастыру орындары қызметтерінің көлемі (мейрамханалар қызметтерін есепке алмағанда) 2019 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 0,7%-ға аз және 885,5 млн.теңгегі құрап отыр.


Туризм саласының өсу қарқынының жаһандық төмендеуіне қарамастан, туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жалғасып жатқанын айту керек. 2020 жылдан Алакөл жағалауында су құбырының құрылысы (жоба құны 1 млрд.теңге), Үржар ауданында әуежайды қайта жаңғырту (жоба құны 2 млрд.теңге), осы ауданда электр желісін тарту (жоба құны 2,4 млрд.теңге) жасалып жатыр. 2021 жылы Үржар ауылындағы әуежайды қалпына келтіру жұмыстарын аяқтау үшін 2,7 млрд.теңге тағы бөлінген және осы бағдарлама аясында алдағы 3 жылда кәріз жүйесін салу (2,4 млрд. теңге), жаңа жағалау аймағын құрғатуға (0,9 млрд. теңге), жағалауды қорғауға (4,1 млрд.теңге-1 кезеңге) бөлу жоспарланған [8].

2020 жылы «БЖК-2025» бағдарламасы бойынша «Айка» шаруа қожалығында пантотерапия және аңшылық туризм қызметтерін көрсететін жоба құны 40 млн.теңге, ұзындығы 9 км. электр беру желісін тарту жобасы, Риддер қаласында Батыс Алтай мемлекеттік табиғи қорығына жоба құны 707 млн. теңге, ұзындығы 42,9 км. электр беру желісінің жұмыстары жүзеге асырылып, 2021 жылдың желтоқсан айында жоспарланған мерзімде берілді. Осы мәліметтерден елімізде туризм саласын қарқынды дамытуға қатысты бағдарламалар жүзеге асып жатқаны айқындалады.

Шығыс Қазақстанда туристерге арналған Visiteast.kz арнайы веб-порталы жұмыс істеп тұр, интернет қолданушыларына әлеуметтік желілер арқылы ақпарат беріледі. Одан облыстағы туризм саласы туралы қажетті мәліметтерді, танымал 72 туристік бағытты көруге болады, оның 14-і Абай өңіріне барады. Жыл сайын туристерге ыңғайлы болу үшін Шығыс Қазақстан бойынша маршрут әзірленіп, облыстың туристік әлеуеті туралы толық және өзекті ақпараттар жарияланады. Ең танымал 7 бағыт бойынша жан - жақты ақпараттан тұратын «Шығыс Қазақстанның автокөлік туралы» нұсқаулығы жарияланған. «Абай жолы» атты 2 маршрут әзірленіп, онда Абай өңірі мен Семей қаласының киелі нысандары таныстырылады. Бірақ, туризм саласында бизнес ашу және мемлекеттік қолдау шаралары бойынша әрекеттердің қадамдық алгоритмін қамтитын ақпараттық нұсқаулық қажет, қызықты бизнес-жобаларды жасап іске асыру арқылы аймақтың туристік танымдылығын ішкі туризм бойынша ғана емес, сыртқы туризм, яғни трансшекаралық аумақтар туризмін дамыту арқылы арттыруға болады.


Осы орайда, туризмді дамытуда трансшекаралық аймақтардың туристік әлеуетін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Шығыс Қазақстан облысында туризмді дамыту мәселелерін анықтау үшін осы бағыттағы қызметтердің әлеуетті тұтынушыларына (олардың жалпы саны-201) сұрақ қою әдісі қолданылды. Сауалнамаға жауапты облыс тұрғындары әлеуметтік желі арқылы берді, жасына, жынысына, ұлтына басқа да айырмашылықтарға шектеу қойылмады.

Социологиялық сауалнама барысында «Шығыс Қазақстан облысында трансшекаралық аумақтар туризмін дамытуға бола ма?» деген сұраққа респонденттердің 96 %-ы (192 адам) ия, 4 %-ы (9 адам) жоқ деп жауап берді. «Трансшекаралық көршілер Қытай мен Ресей мемлекеттерінен өз демалысын өткізуге туристер тартуға бола ма?» деген сауалға жауап берушілердің 95%-ы (190 адам) ия, 5 %-ы (11 адам) жоқ деп жауап берілді (сурет 1).



Сурет 1 – Аймақта туризмді дамытуға деген респонденттердің көзқарасы
Ескертпе – сауалнама нәтижесі негізінде автормен құрастырылған

Шығыс Қазақстан аймағында туризмнің барлық түрлерін дамытуға мүмкіндігі зор. Аймақтың тарихи-мәдени құндылықтарына бай, табиғи ресурстары алуан түрлі, климаты қолайлы болып келеді. Осыған орай, сауалнаманың келесі «Келушілер туризмнің қандай түріне қызығушылық танытады деп ойлайсыз?» деген сұрағымен жалғастырғымыз келеді.



Сурет 2 – Респонденттердің аймақтағы туристік әлеуетіне деген қызығушылық танытқан респонденттер
Ескертпе – сауалнама нәтижесі негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыдағы суретке сәйкес, келесідей қорытынды жасауға болады. Аймақта туризмнің түрлерін дамыту бойынша респонденттер арасында жағажай туризміне сұраныстың ең жоғары екенін көруге болады. 201 респонденттен 171 оңды жауап берген. Жағажай туризмін дамытуға негіз болатын өңірде Алакөл, Бұқтырма жағалауы, Зайсан көлі, Сібі көлі және Оқуньки демалыс аймағын айта аламыз. Осы аймақтарда туристердің қалу және туристік қызметтерге деген сұранысты арттыру үшін келесі сұраққа тоқталамыз.



Сурет 3 – Респонденттердің аймақта қалу кезіндегі төлем қабілеттілігіне сипаттама
Ескертпе – сауалнама нәтижесі негізінде автормен құрастырылған

«Туризмнің қандай түрі болмасын, келген турист, күніне қанша қаражат жұмсауға дайын?» деген сұраққа респонденттердің 79 %-ы (158 адам) 15000-20000 тг, 19 %-ы (39 адам) 12000-15000 тг, 2 %-ы (4 адам) 10000-12000 тг аралығында қаражат жұмсауы мүмкін деп жауап берген. Туристік объектілердің сапалы қызмет көрсетуі туристердің тартымдылығын арттырады. Баға саясатын аймақта реттеу, келген туристердің қарқындылығы негізінде алдағы уақытта нақтылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, аймаққа деген сұраныстың жоғарылауы тікелей инфрақұрылымның жағдайына байланысты екенін бәрімізге мәлім.

«Траншекаралық аймақтар туризмін дамытуға Шығыс Қазақстанның инфрақұрылымы деңгейдегі өз дәрежесінде ме?» деген сұраққа 68 %-ы (137 адам) жоқ, 32%-ы (64 адам) ия деп жауап берді (4 сурет).



Сурет 4- Респонденттердің аймақтың инфрақұрылымына қатысты берген жауабы
Ескертпе – сауалнама нәтижесі негізінде автормен құрастырылған

Аймақтың туристік әлеуетінің жоғары бола алатыны туралы ғалымдардың еңбектерін де, зерттеулерін де кездестіреміз. Әйтседе, Шығыс Қазақстан облысының инфрақұрылымы өз деңгейінде дамымаған және инвестициялық салымдарды қажет етеді. Соған қарамастан «Шығыс Қазақстан облысында орналасқан Алакөлдің туристік әлеуеті мол, басымдылығы жоғары ТОП-10 туристік аймағына кіретінін білесіз бе?» деген сұраққа респонденттердің 82 %-ы (165 адам) ия, 18 %-ы (36 адам) жоқ деп жауап берді.



Сурет 5- Шығыс Қазақстан аймағының танымалдылығына
респонденттердің берген жауабы
Ескертпе – сауалнама нәтижесі негізінде автормен құрастырылған

Ішкі туризмді зерттеу барысында Ұлттық статистика бюросының деректерінде Шығыс-Қазақстанның Алакөл курорттық аймағы ТОП-10 туристік аймағына кіріп отыр. Бірақ бұл деректер респонденттердің жауабына толықтай сәйкес болмай отыр, сол себепті әлі де болса осы аймақтың танымалдылығын отандық және шетел туристер арасында БАҚ арқылы, әлеуметтік желілер және т.б. құралдар арқылы жұмыс жасауды қажет етеді. Мұндай танымалдылық туристерді аймаққа тарту және сол аймақта жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік-экономикалық жағдай өңірдің туризмнің және жергілікті халықтың өмір сүру деңгейін анықтайтын басты көрсеткіш болып табылады.

«Траншекаралық аумақтар туризмінің дамуы сол жер тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайына әсері бар ма?» деген сұраққа барлық респонденттер бір ауыздан 100 %-ы (201 адам) ия деп жауап берген. Яғни, мұндай жауапты қорытындылай келе, жергілікті халықтың жұмыс жасауға, еңбек өнімділігін арттыруға және өңірдің трансшекаралық туристік әлеуетті дамытуға мүмкіндік бар екенін айтқым келіп отыр.

Қорытынды

Шығыс Қазақстан облысында статистикалық мәліметтер базасын зерттеу нәтижелері көрсеткендей, туризм белсенді дамып келеді. Туристік қызмет трансшекаралық аймақтың әлеуметтік-экономикалық өсуіне ауқымды әлеует болады, әсіресе көрші жатқан шекаралас мемлекеттермен байланыс орнатуға қосымша мүмкіндіктер тудырады. Осы мүмкіндіктерді пайдаланып арнайы экономикалық аймақ құру, туристік бағыт бойынша кәсіпкерлікті дамыту, туристік маршрут жасау сол аймақтың әлеуметтік, экономикалық және демографиялық дамуын жоғарылатуға болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 990 қаулысымен қабылданған «Өңірлерді дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» облыстарды дамыту бағдарламалары шеңберінде шекара маңындағы аумақтар тұрғындарының, әсіресе жастардың адами капиталын арттыру бойынша қосымша шаралар іске асырылатын болады деп айтылған. Бұл шекара маңындағы аймақтардың жастарының ірі қалалардың еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына, шекара маңындағы аймақтардан халықтың көшуін тежеу және ол жерлердің тұрғындарының сандарын арттыру бойынша арнайы шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл ретте трансшекаралық аймақтарда ағымдағы халықты жұмыспен қамту жөніндегі шаралар қолданыстағы кәсіпкерлік және халықты жұмыспен қамту бағдарламалары шеңберінде шешуге болады [8].

Траншекаралық аймақтардың инфрақұрылымын дамыту мақсатында мынадай жұмыстар әлі де атқарылуы керек екен: кедендік және шекаралық инфрақұрылымды дамыту, шекаралық өткелдердің, оңайлатылған өткізу пункттері, бақылау, өткізу кеден бекеттерінде санитарлық-карантиндік жағдай сақталуы, материалдық жарақтандыру; шекаралық, кедендік, иммиграциялық, экологиялық, фитосанитарлық, бақылау түрлеріне рәсімдеу жасауды жетілдіру; туристерді Мемлекеттік шекара арқылы өткізуді ұйымдастыру технологиялық сызбасын жасау; экспорттық және импорттық операцияларды рәсімдеу мерзімін қысқарту; Мемлекеттік шекарадан өткізу пункттерінде электрондық құжат айналымы мен автоматты сәйкестендіру жүйесімен жасақтандыру, кеден қоймалары мен терминалдарды жаңалау бойынша жұмыстар. Сонымен қатар, трансшекаралық аймақтар экономикасын әртараптандыру, шағын және орта бизнесті дамыту бойынша жұмыстар жасау қажет.

Жалпы, осы шаралар трансшекаралық аумақ туризмін дамытуға, тұрғындарды жұмыспен қамту үшін қосымша мүмкіндіктерді ұйымдастыруға (құрылыс, халыққа қызмет көрету, туризмді ұйымдастыру саласындағы жұмысқа тұрғындарды тартуға), елдің транзиттік-көліктік әлеуетін арттыруға, инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

Шығыс Қазақстан облысы екіге бөлініп, Семей аймағында Абай облысы құрылып, Семей қаласы жаңа облыстың орталығы болды. Құрылған екі облыстың да туризмді дамытуға мүмкіндігі зор, бірақ ол жақта шешімін таппаған түйткілдер жеткілікті. Мысалы, аймақтардың ішкі инфрақұрылымы әбден тозған, бюджеттен қаражат бөлу мәселесі, енді жаңа облыстар ретінде қаражат бөлініп, туризм саласын дамыту үшін инвестициялар тарту қолға алынып, жұмыстар атқарылатыны анық және маңызды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [Electronic resource] - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (қаралған күні: 07.02.2022).
2. Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы Қазақстан Республикасының 2001 ж. 13 маусымдағы № 211-ІІ Заңы [Electronic resource] - URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211_ (қаралған күні:07.02.2022).
3. Зубова А. С. Трансграничные туристские маршруты как инструмент развития международного туризма [Electronic resource] - URL: <https://nauchkor.ru/pubs/transgranichnye-turistskie-marshruty-kak-instrument-razvitiya-mezhdunarodnogo-turizma-5c1a881c7966e104f6f85ce9> (қаралған күні: 14.02.2022)
4. Солдатенко Д.Г. Трансграничные территории в туризме: теоретические аспекты // Наука и туризм: стратегии взаимодействия. - 2015. - № 4 (2). - С. 60-65.
5. Руженцова А.О. Трансграничный туризм. Опыт и перспективы его развития в России [Electronic resource] - URL: <https://nauchkor.ru/uploads/documents/587d36815f1be77c40d590ee.pdf> (қаралған күні: 17.02.2022)
6. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Electronic resource] - URL: <https://stat.gov.kz> (қаралған күні: 20.03.2022)
7. Усть-Каменогорск - крупнейший город на востоке [Electronic resource] - URL: <https://google-info.org/56945/1/ust-kamenogorsk.html> (қаралған күні: 20.03.2022)
8. Шығыс-Қазақстан облысында ішкі туризм қарқынды дамуда [Electronic resource] – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko/press/news/details/114078?lang=kk> (қаралған күні: 20.03.2022).

Е.Б. Абеуханова , О.Б. Мазбаев, А.Б. Баймбетова

Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Пути определения туристского потенциала трансграничных территории в условиях развития туризма (на примере Восточно-Казахстанской области)

Аннотация. В данной статье рассматриваются пути выявления и использования туристского потенциала развития туризма в трансграничных регионах Республики Казахстан, сведения об их совершенствовании. Анализируются показатели развития туризма Восточно-Казахстанской области: динамика роста официальных статистических показателей, прием туристов туристскими объектами за последние годы, количество занятых в сфере туризма, объем их соответствующей заработной платы, результаты анкетирования среди потенциальных потребителей. Также, рассмотрены государственные программные документы и выделены основные организационные функции по развитию туризма в стране. Развитие туризма способствует улучшению социально-экономического положения региона: предпринимательству, получению доходов, рабочих мест, тем самым снижению бедности. В статье предлагается анализ основных показателей развития и современного состояния туризма в стране и отдельных регионах; рассматриваются основные проблемы и возможности; показаны основные выявленные препятствующие факторы; сформулированы туристский потенциал.

Ключевые слова: туристский потенциал, туризм, трансграничный регион, региональный туризм, социально-экономическая ситуация.

E.B. Abeukhanova, O.B.Mazbaev, A.B. Baimbetova
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**In the context of tourism development in transboundary areas
ways to determine the tourist potential (On the example of East Kazakhstan region)**

Abstract. This article discusses ways to identify the tourism potential of tourism development in cross-border regions of the Republic of Kazakhstan, and information about their improvement. The indicators of tourism development in the East Kazakhstan region are analyzed: the dynamics of the growth of official statistical indicators, the reception of tourists by tourist facilities in recent years, the number of people employed in the tourism sector, the amount of their respective wages, the results of a survey among potential consumers. Also, the state program documents are considered and the main organizational functions for the development of tourism in the country are highlighted. The development of tourism contributes to the improvement of the socio-economic situation of the region: entrepreneurship, income generation, jobs, thereby reducing poverty. The article offers an analysis of the main indicators of the development and current state of tourism in the country and individual regions; the main problems and opportunities are considered; the main identified obstacles are shown; the tourist potential is formulated.

Keywords: tourism, potential tourism, transboundary zone, regional tourism, socio-economic situation.

References

1. Kazakstan Respublikasynyn turistik salasyn damytudyn 2019-2025 zhyldarga arналган мемлекеттік бағдарламасы [The state program of development of the tourism industry of the Republic of Kazakhstan for 2019-2025]. [Electronic resource] - Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000360> (Accessed: 07.02.2022)
2. Kazakstan Respublikasyndagy turistik kyzmet turaly Kazakstan Respublikasynyn 2001 zh. 13 mausymdagy № 211-II Zany [Law of the Republic of Kazakhstan on tourist activities in the Republic of Kazakhstan]. [Electronic resource] - Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000211_ (Accessed: 07.02.2022)
3. Zubova A.S. Transgranichnye turistskie marshruty kak instrument razvitiya mezhdunarodnogo turizma [Cross-border tourist routes as a tool for the development of international tourism]. [Electronic resource] - Available at: <https://nauchkor.ru/pubs/transgranichnye-turistskie-marshruty-kak-instrument-razvitiya-mezhdunarodnogo-turizma-5c1a881c7966e104f6f85ce9> (Accessed: 14.02.2022) [in Russian]
4. Soldatenko D.G. Transgranichnye territorii v turizme: teoreticheskie aspekty Nauka I turizm: stratedii vzaimodejstviya [Cross-border territories in tourism: theoretical aspects Science and tourism: interaction strategies], 4 (2) 60-65 (2015). [in Russian]
5. Ruzhencova A.O. Trangranichnyj turizm. Opyt I perspektivy ego razvitiya v Rossii [Cross-border tourism. Experience and prospects for its development in Russia]. [Electronic resource] - Available at: <https://nauchkor.ru/uploads/documents/587d36815f1be77c40d590ee.pdf> (Accessed: 17/02/2022) [in Russian]
6. Kazakhstan Respublikasy Strategiyalyk zhosparlau zhane reformalar agnttigi Yltyk statistika buurosy [Agency of the Republic of Kazakhstan for strategic planning and reforms National Bureau of Statistics]. [Electronic resource] - Available at: <https://stat.gov.kz> (Accessed: 20.03.2022)
7. Ust-Kamenogorsk – krupnejshij gorod na vostoке [Ust-Kamenogorsk is the largest city in the east]. [Electronic resource] - Available at: <https://google-info.org/56945/1/ust-kamenogorsk.html> (Accessed: 20.03.2022)

8. SHygys Kazakstan oblysynda ishki turizm karkyndy damuda [Domestic tourism is rapidly developing I the East Kazakstan region]. [Electronic resource] – Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/akimvko/press/news/details/114078?lang=kk> (Accessed: 20.03.2022)

Сведения об авторах:

Абеуханова Е.Б. - автор для корреспонденции, докторант 1 курса кафедры «Туризм», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 11, Астана, Казахстан.

Мазбаев О.Б.- доктор географических наук, профессор кафедры «Туризм», Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 11, Астана, Казахстан.

Баймбетова А.Б. – кандидат экономических наук, доцент кафедры «Туризм», Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, ул. Кажымукана, 11, Астана, Казахстан.

Abeukhanova E.B. – **Corresponding author**, Ph.D. Student in Tourism, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 11 Kazhymukan str., Astana, Kazakhstan.

Mazbaev O.B. - Doctor of Geography, Professor of the Department of Tourism, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 11 Kazhymukan str., Astana, Kazakhstan.

Vaimbetova A.B. – Candidate of Economics, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 11 Kazhymukan str., Astana, Kazakhstan.